

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Токишкадиров Ботабек Бейбитбековичтің
«XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау»
тақырыбын “Қазақстан тарихы” курсына оқыту әдістемесі» тақырыбында дайындалған диссертациясына
Рецензия**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Токишкадиров Ботабек Бейбитбековичтің «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау» тақырыбын «Қазақстан тарихы» курсына оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған тұжырымдарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстандық білім мен ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде оқыту мәселелерін қамтиды.

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация нысаналы бағдарламаның аясында орындалған:</p> <p>Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытының талаптарына сәйкес орындалған.</p> <p>8 бағыт «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер».</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында мал шаруашылығының алатын орнын архив қорларынан алынған деректер негізінде зерттей отырып, бұл тақырыпты оқытудың тиімді әдістері мен білім алушылардың тарихи санасын нығайтудың тәсілдерін зерделеуге бағытталған алғашқы талпыныс болып табылады.</p> <p>XX ғасырдың 30-жылдары Шығыс</p>

			<p>Қазақстан өңіріндегі ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру жылдарындағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және қазақ ауылдарының түбегейлі өзгерістерге ұшырау себептерін өлкетану, күнделікті өмір тарихы негізінде зерттеу және автордың бұл тақырыпты оқытуды әдістемелік тұрғыда сүйемелдеудің жолдарын айқындауы ғылымға елеулі үлес қосады. Сондықтан еліміздің аймақтарында жүргізілген кеңестік аграрлық саясат тарихын қайта саралап, саяси шараларға ғылыми баға бере отырып, XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму тарихын жоғары оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету тарихи білім мазмұнын тереңдету үшін маңызға ие.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалауға болады. Біріншіден, автордың диссертациядағы баяндаулары, ойлары, пікірлері, талдаулары және зерттеу жұмысының тұжырымдары мен қорытындылары өзіндік көзқарасы мен ұстанымын айқындап тұр.</p>

			Екіншіден, ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу тақырыбына сәйкес архив қорларымен дербес жұмыс жүргізген және оқу-әдістемелік тұрғыда сүйемелдеуді негіздеу мақсатында сауалнама, педагогикалық эксперимент, элективті курс бағдарламасын жасауы диссертанттың өзіндік қолтаңбасын айқындайды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі толық айқындалған. Тақырыпқа қатысты жарық көрген соны зерттеулер мен ғылыми айналымға енгізілген жаңа деректерді жаңа білім генерациясын жасау үшін қолдану заманауи оқу орындары үшін үлкен өзектілігі бар мәселе. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігі айқын және ол дәйектелген. Сонымен қатар, ұсынылып отырған зерттеу тақырыбы жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламада көрсетілген міндеттерді негізге ала отырып алынғаны диссертацияның өзектілігін негіздейді. Соған орай, зерттеу жұмысының тақырыбы айқын, өзекті, қазіргі уақыттағы тарихи оқиғаларды жаңадан бағамдау жағдайында республика

			<p>аймақтарында орын алған әлеуметтік-экономикалық мәселелердің даму бағыттарын айқындау және осыған дейін зерттеулердің нәтижелерін бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарау қажеттігін көрсетеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Ғылыми айналымға енгізілген тың деректер, тақырыпты жоғары оқу орындарында оқытудың теориялық ұстанымдары мен әдіснамасының негізделуі зерттеу жұмысының мазмұнының ашуға бағытталған. Қолданылған ғылыми әдіс-тәсілдер мен әдіснаманың ерекшелігі нақты қорытындылар мен тұжырымдар жасауға ықпал еткен.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Тақырыпты ашуда қойылған мақсат айқын әрі нақты. Зерттеу мақсатына жетуде туындайтын міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы толық логикалық жағынан бір-бірімен толық байланыстыра отырып түзілген. Диссертацияның әрбір тарауы мен бөлімдерінде өзара бірізділік сақталған.</p> <p>Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, тармақшалардан, қорытындыдан, пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері ғылыми тұрғыда дәйекті және нәтижелердің ішкі бірлігінің тұтастығына қол жеткізген.</p> <p>Жұмыстың қорытындылары мен негізгі тұжырымдары еңбектің теориялық құндылығы мен білім беру жүйесінде қолданбалық маңыздылығын көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор зерттеу жұмысының әрбір тарауында берілген мәліметтерді салыстыра отырып, сыни тұрғыдан талдаулар жүргізеді. Еңбекте тарихи деректерге сүйене отырып, негізделген түйіндер мен тұжырымдар жасалған.</p> <p>-Тарихи оқиғаларды жаңадан бағамдау жағдайында және саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының алғашқы зерттеу</p>

			<p>нәтижелері ғылыми айналымға енгізілген.</p> <p>-Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының қалыптасу мен даму тарихын оқытудың теориялық ұстанымдары «Отан және дүниежүзі тарихы» білім беру бағдарламасына арнайы таңдау компоненті ретінде, Қазақстанның қазіргі заман тарихы элективті курсының мазмұнына ұсынылған.</p> <p>-Жоғары оқу орындарындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің оқытушылары үшін сондай-ақ, Қазақстан тарихын оқыту курсына білім беру, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту және тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыруға бағытталған теориялық және әдістемелік нұсқаулар берілген.</p> <p>- «1920-1930 жж. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалы және тарихи мәселесі» атты таңдау курсы педагогикалық тәжірибелік–эксперименттік сынақтан өткізіп, өлке тарихы курсына арнайы курсы ретінде ұсынылған.</p> <p>-Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі мал басының азаюы, қазақ қоғамындағы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне</p>
--	--	--	--

			<p>әкелген аграрлық саладағы қайта құрулардың салдарларына шынайы тарихи көзқарас тұрғысынан баға берілген.</p> <p>- XX ғасырдың басында Кеңес үкіметі тарапынан жүзеге асырылған аграрлық реформалар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымына терең әрі түбегейлі өзгерістер енгізді. Осы тұрғыдан келгенде еліміздің шығыс өңірінде жүргізілген қазақ ауылдарын күштеп жаңғырту саясатының салдарлары жан-жақты талданған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы – PhD докторлық диссертация деңгейінде ұсынылып отырған сұранысқа ие еңбек.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа болып табылады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тұжырымды қорытындылары жаңашылдығымен ерекшеленді. Себебі, ізденуші зерттеу барысында, біріншіден, тарих пен педагогикалық зерттеу әдістерін ұштастыра отырып, тақырыпты оқытудың оқу-әдістемелік бағдарын негіздеген, екіншіден, архив қорларынан алынған деректер негізінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау себептері мен салдарларына қатысты жаңа ғылыми ақпараттарды ғылыми айналымға енгізген. Диссертация жұмысының қорытындылары айқындалған негізгі мәселелерге байланысты өзіндік түйіндер мен нақты тұжырымдар жасалған, сондықтан жұмыстың қорытындылары жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Рецензия беріліп отырған бұл диссертация гуманитарлық ғылым бағытында дайындалғандықтан техникалық және технологиялық шешім қабылдауды мақсат етпейді.</p>

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге толықтай негізделген.</p> <p>-Тақырыптың зерттелу тарихнамасында осы саланы зерттеген мамандардың пікірлері мен тұжырымдары, тарих ғылымының теориялық-методологиялық қағидалары мен принциптеріне жүгіне отырып, талдаудың нәтижесі арқылы негізделген.</p> <p>-Диссертацияның тұжырымды қорытындылары «Қазақстан тарихы» және «Өлкетану» пәндерін оқытуың заманауи әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, тереңдете оқыту студенттердің білімін, дүние танымын және танымдық қабілетін дамытуға арналған ғылыми-зерттеулер негізінде дәлелденген.</p> <p>-XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау және оның тарихи салдарларын «Қазақстан тарихы» курсына оқытудың теориялық ұстанымдары мен әдіснамасы сапалық және педагогикалық зерттеулер арқылы негізделген.</p> <p>- Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал</p>
---	-------------------------------------	---	--

			<p>шаруашылығының даму тарихына қатысты деректер мен тарихи құжаттарды және арнаулы зерттеулер қорытындысын «Өлкетану» курсына қолданудың жолдары және аймақ тарихын оқытудың әдістемелік негіздері эксперименттік талдау арқылы дәйектелген.</p> <p>-Еліміздің шығыс өңіріндегі дәстүрлі мал шаруашылығының даму ерекшеліктерін ізденушінің түпнұсқа деректер мен ресми құжаттар мен статистикалық деректерді пайдалана отырып, жасалған салыстырмалы талдауына және нақты дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>-Зерттеу жұмысының барлық бөлімдерінде берілген мәліметтер ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелермен дәйектелген. Тарихи деректер мен ғылыми ақпараттарға сүйене отырып, анықталып, сарапталып негізделген.</p> <p>-Зерттеу жұмысының ғылыми - теориялық тұжырымдар архив қорларынан алынған құжаттар мен деректерді талдай отырып нақтыланған.</p>
--	--	--	---

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <i>ия</i>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Жұмыстағы қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ұсынылған қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары.</p> <p>7.5. Диссертацияның негізгі қорытындылары, мазмұны мен нәтижелері «Scopus» деректер базасына кіретін басылымда 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары оқу орындары министрлігі ұсынған басылымдарында 5 ғылыми мақала жарық көрді. Мақала мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. Мақалаларда диссертациялық жұмыстың теориялық қағидалары мен тәжірибелік нәтижелері сипатталған.</p>
8	Дәйектілік принципі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тақырыптың зерттелуіне орай осы кезеңге дейін жарияланған ғылыми зерттеулерге тарихнамалық-деректанулық талдау жасалған. Зерттеу барысында пәнаралық тәсілді қолдану нәтижесінде деректер</p>

			<p>сыни тұрғыдан талдау мақсатында педагогика, элеуметтану, құқықтану салаларының әдістері пайдаланылды. Атап айтқанда, күнделікті өмір тарихы, сапалық зерттеу әдістері, педагогикалық-эксперименттік зерттеу, мәтіндік, тұжырымдық талдау әдістері қолданылған. Сонымен бірге, кешенділік, жүйелілік, шынайылық, тарихилық, тарихи-салыстырмалық әдістері қолданылды.</p>
	<p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған.</p> <p>Ізденіс барысында деректерді өңдеу мен сараптау әдістерін дұрыс таңдаумен, пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен дәйектелген.</p> <p>Деректер мен мәліметтер пәнаралық тәсіл тұрғысынан зерделеніп, ортақ белгілері бойынша деректік базаға жіктелген.</p> <p>Ғылыми әдебиеттер, архив құжаттары, баспасөз және интернет материалдары топтастырылып, зерделеуден өткізіліп, келесі кезекте зерттеудің айқындалған</p>

			міндеттері бойынша жүйеленді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық қорытындылары мен тұжырымдары, ұсынылған маңызды мәліметтері нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер, сапалық және педагогикалық-эксперименттік зерттеулер, архив қорларынан алынған құжаттар арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі еңбектер қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланған теориялық-әдістемелік ұстанымдарды келешекте тарих және тарихты оқыту әдістемесі аясындағы іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы айқын. Алынған нәтижелерін практикада қолдануға мүмкіндігі жоғары.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертация материалдарын «Қазақстан тарихы», «Қазақстанның экономикалық тарихы» және «Өлкетану» курсында білім алушыларға дәрістік материалдар ретінде және оқу-әдістемелік құралдар дайындауда қолдануға болады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты академиялық жазу мен рәсімдеу сапасы жоғары. Ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға сай жазылған.</p>

Докторант Токишкадилов Ботабек Бейбитбековичтің (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау» тақырыбын “Қазақстан тарихы” курсында оқыту әдістемесі» атты дайындалған диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, докторант Токишкадилов Ботабек Бейбитбековичтің «6D011400-Тарих», философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы шешімді толық қолдаймын.

Ресми рецензент:

Тарих ғылымдарының докторы,
Astana IT University профессоры



Н.У. Шаяхмет